

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен

БЕКІТІЛДІ

« 17 » сәуір 2026 жылғы Астана қаласы
Ғылыми кеңестің төрағасы



**6B02109 «МУЗЫКАТАНУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН
ТАЛАПТАРЫ**

✓ **БАКАЛАВРИАТ**

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау	Даярлық топ	Шекті балл
«Музыкатану және композиция»	6B02109 «Музыкатану»	Қазақ Орыс	Арнайы орта кәсіптік (колледж)	жоқ	75 Грант және ақылы

Ең алдымен талапкер ҚазҰӨУ бакалавриатына түсуіне арналған жалпы қабылдау ережелерімен танысуы керек:

Талапкерге қойылатын талаптар:

«Музыкатану» мамандығы бойынша орта арнайы музыкалық білім.

БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Сольфеджио

Сольфеджио емтиханы жұмыстың екі түрін қамтиды - жазбаша диктант және ауызша жауап.

Жазбаша:

- Диатоникалық емес туыстықта болған тональдіктерге ауытқумен, транспозициялық секвенциялармен, тональдіктегі хроматикалық элементтерімен, заманауи музыкаға тән интонациялық жүйесі және ырғағымен ән формасындағы үш дауысты аралас құрылымда (гомофондық-полифондық құрылымда) диктант.

- Жазу уақыты – 30 минут, ойнау саны – 10-12 рет

Ауызша:

- Ауытқулармен және модуляциялармен, мажор-минор айналымдарымен, энгармонизммен және тағы басқа гармониялық, ырғақтық және интонациялық күрделілігімен бір-, екі немесе үш дауысты мысалды парактан оқу;

- Ладтарды, аралықтарды, аккордтармен олардың айналымдарын (дыбыстан немесе тональдікте), диатоникалық емес туыстықта болған (екінші және үшінші дәрежеде) тональдіктерге ауытқулармен немесе модуляциясы бар төртдауысты құрылымды, мажор-минор жүйесінің үндестіктерін, септаккордтардың немесе аккордтарды энгармонизмді айту және естіп талдау.

Гармония

- Гармония емтиханы жұмыстың екі түрін қамтиды - жазбаша есеп және ауызша жауап.

Жазбаша:

- Әр түрлі әуендік қозғалыс формасы бар, тональдік ішінде және модуляциялық хроматикасы бар, аккорд және аккордтан тыс дыбыстары бар, альтерация, энгармонизмдер, дамыған тональды жоспары бар ән түріндегі әуенді гармонизациялау.

- Жазу уақыты - 3 академиялық сағат.

Ауызша:

- Ұсынылған тональды жоспарда дамыған дауыс қозғалысын қолдана отырып төрт дауысты мазмұнда кезең түріндегі немесе қарапайым екі бөлімді құрылымда модуляцияны (біртіндеп және кенеттен) ойнау.

- Алдын-ала дайындықсыз секвенция ойыны.

- Орташа қиындық деңгейіндегі музыкалық шығарманың гармониялық және құрылымдық талдауы.

- «Музыканың қарапайым теориясы», «Гармония», «Музыкалық шығармаларды талдау» курстары бойынша сұрақтар.

ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Емтихан ауызша түрде өткізіледі және емтихан билетіне, музыкалық үзінділерді ойнайды және коллоквиумға жауап береді.

Музыкалық әдебиет.

Музыкалық әдебиет бойынша теориялық сұрақтар тізімі. Қазақ музыкалық әдебиеті.

Қазақ музыкалық фольклорының алғашқы зерттеушілері және жинақтаушылары: А. Затаевич, Б. Ерзакович

1. Е. Брусиловский. Шығармашылықтың жалпы сипаттамасы. №3 симфония «Сары-Арқа».
2. Е. Брусиловский. Опералық шығармашылық. «Қыз-Жібек» операсы.
3. А. Жұбанов. Шығармашылықтың жалпы сипаттамасы. Ғылыми еңбектері.
4. А.Жубанов, Л. Хамиди. «Абай» операсы.
5. М. Төлебаев. Шығармашылықтың жалпы сипаттамасы. «Біржан-Сара» операсы.
6. С. Мұхамеджанов. Шығармашылықтың жалпы сипаттамасы. «Ғасырлар дауысы» ораториясы.
7. Ғ. Жұбанова. Шығармашылықтың жалпы сипаттамасы. «Еңлік-Кебек» операсы.
8. Ғ. Жұбанова. Симфониялық шығармашылығы. «Жігер» симфониясы.
9. Е. Рахмадиев. Шығармашылықтың жалпы сипаттамасы. Аспаптық музыка.
10. Е. Рахмадиев. Опералық шығармашылығы. «Алпамыс» операсы.
11. К. Қожамьяров. Симфониялық шығармашылығы. «Ризвангуль» симфониялық поэмасы.

Батыс Еуропа музыкалық әдебиеті

1. И.С.Бах. Шығармашылықтың жалпы сипаттамасы.
2. И.С.Бах. Си-минор мессасы.
3. И.С.Бах. Клавирлік шығармашылығы. ХТК.
4. Й.Гайдн. Симфониялық шығармашылығы. №103 симфония.
5. В.А.Моцарт. Симфониялық шығармашылығы. №40 симфония.
6. В.А.Моцарт. «Свадьба Фигаро» операсы.
7. К.В.Глюк. Опералық реформа.
8. Л.Бетховен. Симфониялық шығармашылығы. №5 симфония.
9. Л.Бетховен. Фортепиано сонаталары (№ 8, 14, 23).
10. Ф.Шуберт. Вокалдық шығармашылығы. «Сұлу диірмен».
11. Ф.Шопен. Фортепиано шығармашылығы, полонездер.
12. Р.Шуман. Шығармашылықтың жалпы сипаттамасы. «Карнавал».
13. Ж.Бизе. «Кармен» операсы.
14. Дж. Верди. Опералық шығармашылығы. «Аида» операсы.

Орыс және орыс-кеңестік музыкалық әдебиеті

1. М.И.Глинка. «Руслан және Людмила» операсы.
2. А.Даргомыжский. Камералық-вокалдық шығармашылығы.
3. А.П.Бородин. «Князь Игорь» операсы.
4. М.Мусоргский. «Борис Годунов» операсы.
5. П.И.Чайковский. Опералық шығармашылығы. «Пиковая дама» операсы.
6. Н.А.Римский-Корсаков. «Царская невеста» операсы.
7. П.И.Чайковский. Симфониялық шығармашылығы. №6 симфония.
8. С.В.Рахманинов. №2 Концерт.
9. С.Прокофьев. «Александр Невский» кантатасы.
10. Д.Шостакович. №5 симфония.
11. И.Стравинский. «Петрушка» балеті.

Музыкалық үзінділерді ойнау Музыкалық үзінділер ауқымы:

- Шетелдік музыкалық әдебиет бойынша И. С. Бахтың және Г. Ф. Гендельдің шығармашылығынан XX ғасырдың ортасына дейінгі уақыт кезеңдері;
- Орыс музыкалық әдебиеті бойынша – Глинкаға дейінгі дәуірінен XIX ғасырдың соңына дейін;
- Қазақ музыкалық әдебиеті бойынша – фольклорлық және халықтық-кәсіби үлгілерден XX ғасыр композиторларының шығармашылығына дейін.
- Музыкалық мысалдар тізімі 50 және одан жоғары атаулардан тұруы тиіс.

Коллоквиум Мақсаты:

- Талапкердің жалпы мәдени ой-өрісін, эрудициясын, оның заманауи музыкалық өмір мен мәдениеттегі бағдарын анықтау;
- оның қызығушылық шеңберін, болашақ кәсіби қызметі туралы түсінігін айқындау.
- Талапкер мәдениет және өнер, музыкалық терминдер, музыкалық жанрлар, стильдер, орындаушылық өнер, түрлі композиторлық және орындаушылық мектептердің көрнекті өкілдері саласындағы білімін көрсетуі тиіс.
- Коллоквиум еркін әңгімелесу түрінде өткізіледі және өнер, тарих, әдебиет және т.б. аралас түрлері бойынша сұрақтар қамтуы мүмкін. Жалпы орта (толық) білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша бағдарламалар шеңберінде елдің қоғамдық-саяси өмірінің өзекті оқиғалары, халықаралық жағдайы және т.б. туралы сұрақтар қойылуы мүмкін.

ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

Бірінші шығармашылық емтихан бойынша:

- Мен колледжді басқа мамандық бойынша бітірдім, музыкатану мамандығына тапсыра аламын ба?

- Жоқ.
- *Арнайы кәсіптік орта білімі жоқ оқуға түсуге бола ма?*
- Жоқ болмайды.
- *Модуляцияларды кезең (период) түрінде ойнауға бола ма?*
- жоқ, тұрақты формасы бар

Екінші шығармашылық емтихан бойынша:

- *Коллоквиум билет арқылы өтеді ма?*
- Жоқ, сұрақтарды комиссия еркін түрде қояды.
- *Музыкалық тақырыптарды нотамен ойнауға бола ма?*
- Жоқ, музыкалық тақырыптарды жатқа орындау керек.
- *Ал егер мен сольфеджиодан «төмен» балл алсам, гармонияны жақсы тапсырып түсе аламын ба?*
- Ұпайлар жинақталады, біз барлық емтихан талаптарын байыппен қабылдауға кеңес береміз.

• **Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:**

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>I</i> шығармашылық емтихан	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>II</i> шығармашылық емтихан
45-50	Есеп қатесіз және ескертусіз, гармонизациялау нұсқаларымен және сауатты орындалған; Энгармониялық қайтарымды модуляцияны сенімді ойнау және берілген тональдік жоспарға сай аккордтан тыс дыбыстарды қолдану; Диктант нақты, қатесіз жазылған; Әндету кезінде интонирлеу барысы таза және ырғақты тұрғыдан нақты; Музыка теориясы бойынша жоғары деңгейдегі жауап.	45-50	- бағдарлама материалын терең және тұрақты меңгеру; - сабақтың барлық түрлері бойынша толық, дәйекті, сауатты және логикалық түрде берілген жауаптар; - берілген тапсырмаларды еркін орындай білу; - дұрыс, негізделген шешімдер қабылдау; - пәнді оқу кезінде негізгі және қосымша арнайы әдебиеттерден ақпаратты пайдалану дағдылары; - бағдарламалық материалды өз бетінше жүйелей білу; - тапсырмалардың барлық түрлерін орындаудың жан-жақты дағдылары мен әдістерін меңгеру.

40-44	Сауатты шешілген есеп (дұрыс тональді жоспар, аккордтық емес дыбыстарды қолдану). Энгармониялық қайтарумен модуляцияны ойнау және берілген тональдік жоспарға сай аккордтан тыс дыбыстарды қолдану; Диктант толық, бірақ кейбір қателіктермен жазылған; Әндету сенімсіз, бірақ интонирлеу барысы таза және ырғақты тұрғыдан нақты; Музыка теориясынан өте жақсы білім.	40-44	<ul style="list-style-type: none"> - бағдарламалық материалды тереңінен меңгеру; - сабақтың барлық түрлері үшін толық, дәйекті және логикалық берілген жауаптар; - берілген тапсырмаларды орындай білу; - дұрыс шешімдер қабылдау; - пәнді оқу кезінде арнайы әдебиеттерді пайдалану дағдылары; - бағдарламалық материалды өз бетінше жүйелей білу; - тапсырмалардың барлық түрлерін орындау дағдылары мен тәсілдерін меңгеру.
35-39	Есепті сауатты тональді жоспармен және жалпы функционалдық логикада кейбір қателермен шешу; Өзінің тональдік жоспары бойынша аккордтан тыс дыбыстарды қолданбай, энгармониялық қайтарумен модуляцияны ойнау; Диктант толық, бірақ әуен мен ырғақта кейбір қателіктермен жазылған; Әндету жақсы, бірақ ырғақта қателер бар; Жақсы теориялық білім.	35-39	<ul style="list-style-type: none"> - бағдарламалық материалды меңгеру; - толық, дәйекті, сауатты, айтарлықтай дәлсіздіксіз, тапсырмалардың барлық түрлеріне жауаптарды ұсыну; - теориялық білімді дұрыс қолдану; - қолданбалы тапсырмаларды орындау кезінде қажетті дағдыларды меңгеру; - пәнді оқу кезінде ұсынылған әдебиеттерді пайдалану дағдылары; - бағдарламалық материалды жүйелеу дағдылары; - тапсырмалардың барлық түрлерін орындау дағдылары мен тәсілдерін меңгеру.
30-34	Есепті дауыс жүргізу және тональдік жоспарда кейбір қателермен шешу; Дауыс жүргізудегі шамалы қателері бар модуляцияларды ойнау; Диктант толығымен жазылған, бірақ елеулі қателер жіберілді; Әндету интонациялық тұрғыдан таза емес, ырғақ жағынан нақты емес. Музыка теориясынан көбінесе дұрыс емес жауаптар.	30-34	<ul style="list-style-type: none"> - бағдарламалық материалды меңгеру; - кішігірім қателері бар тапсырмалардың барлық түрлеріне жауаптарды дәйекті түрде ұсыну; - оқытушының жетекшілігімен теориялық білімдерін қолдану дағдылары; - практикалық тапсырмаларды орындау кезінде қажетті дағдыларды меңгеру; - пәнді оқу кезінде ұсынылған әдебиеттерді пайдалану дағдылары; - оқытушының жетекшілігімен бағдарламалық материалды жүйелеу дағдылары; - тапсырмалардың барлық түрлерін орындау дағдыларын меңгеру; - жіберілген қателерді өз бетінше түзете білу.


25-29	Есепті дауыс жүргізу және тональдік жоспарда қателермен шешу; Дауыс жүргізудегі және нақты емес тональдік жоспарда қателермен	25-29	- бағдарламалық материалды меңгеру; - кішігірім қателермен жауап беру мүмкіндігі; - оқытушының жетекшілігімен теориялық білімдерін қолдану дағдылары;
	модуляцияларды ойнау; Негізгі фрагменттер сақталғанымен, диктант көптеген қателермен жазылған. Әндету нақты емес, әрдайым түзетуді талап етеді. Музыка теориясы бойынша үзінді жауаптар.		- практикалық тапсырмаларды орындау кезіндегі әдіс-тәсілдерге ие болу; - оқытушының жетекшілігімен ұсынылған әдебиеттерді пайдалану дағдылары; - оқытушының жетекшілігімен бағдарламалық материалды қорытындылау дағдысы; - жіберілген қателерді мұғалімнің көмегімен түзете білу.
20-24	Есеп дауысты жүргізудегі өрескел қателермен және дұрыс емес тональдік жоспармен шешілді; Модуляция көптеген қателермен айналды; Негізгі фрагменттер сақталғанымен, диктант көптеген қателермен жазылған. Әндету нақты емес, әрдайым түзетуді талап етеді. Үстірт теориялық білім.	20-24	- негізгі материалды меңгеру; - тапсырмалардың барлық түрлеріне жауап бергенде дұрыс тұжырымдаудың жеткіліксіздігі - бағдарламалық материалды баяндаудағы жүйеліліктің бұзылуы; - практикалық тапсырмаларды өз бетінше орындаудағы қиындықтар; - практикалық тапсырмаларды орындау кезінде белгілі бір әдістерді меңгеру; - оқытушы ұсынған әдебиеттерді пайдалану дағдысы; - оқытушының жетекшілігімен бағдарламалық материалдың жеке бөлімдерін қорытындылау дағдысы; - мұғалімнің көмегімен өрескел қателерді түзете білу.
15-19	Есеп толық шешілмеген; Модуляция нашар айналған, өрескел қателер бар, тональдік жоспар дұрыс емес; Диктант толық жазылмаған, қатесі көп; Әндету нақты емес; Теориялық білімі нашар.	15-19	- негізгі материалды меңгеру; - тапсырмалардың барлық түрлеріне жауап беру кезінде тұжырымның мағынасын жеткіліксіз түсіну; - материалды баяндаудағы жүйеліліктің болмауы; - практикалық тапсырмаларды өз бетінше орындаудағы қиындықтар; - тапсырмаларды орындау кезінде белгілі бір әдістерді меңгеру - оқытушы ұсынған әдебиеттерді пайдаланудағы қиындықтар; оқытылатын материалдың жеке бөлімдерін қорытындылаудағы қиындықтар; - мұғалімнің көмегімен өрескел қателерді түзете білу.

10-14	Есеп толығымен шешілмеді, тоналдік жоспар жоқ; Модуляция толығымен ойналмады, кателер көп; Диктант толық жазылмаған; Әндету үзік-үзік, кателері бар; Теориялық материалды білмейді.	10-14	- тапсырмалардың барлық түрлеріне жауап беру кезінде тұжырымның дұрыс түсінбеуі; - тапсырмаларды орындау үшін белгілі бір әдістерді қолдана алмау
5-9	Есеп аяғына дейін шешілмеген; Модуляция орындалмады; Диктант жазылмаған; Әндету түрлері бойынша орындалмады; Келесі емтиханға өтпейді.	5-9	- бағдарламалық материалды білмеу; - тапсырмалардың барлық түрлерін орындау кезінде өрескел кателіктер жіберіледі; - тапсырмаларды орындау үшін жеке әдістерді қолдану дағдыларының болмауы
0-4	Есеп шешілмеді. Модуляция орындалмады; Диктант жазылмады. Әндету түрлері бойынша орындалмады. Емтиханнан өтпейді.	0-4	- тапсырмаларды орындау үшін жеке әдістерді қолдану дағдыларының болмауы.

Байланыс ақпараты:

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: galpeissova@gmail.com

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznui.priem@gmail.com

Факультет деканы: Останькович Дмитрий Валерьевич 

Кафедра меңгерушісінің м.а.: Дуесинова Диля Суиенгалеевна 